

ТАРИХ шежіресінде алтын

әріппен жазылған оқиғалар көп. Совет халқының фашистік Германияға қарсы жүргізілген Отан соғысын жеңіспен аяқтаған күні — 9 май сол тарихи маңызы зор оқиғалардың төрінен орын алады. Совет Одағының Қарулы Күштері, оның батыр ұлдары мен қыздары өз Отанының тәуелсіздігі мен намысын қорғап қана қойған жоқ, сонымен қатар Европадағы көптеген елдердің халықтарын фашизм құлдығынан азат етті, өзінің интернационалдық борышын абыройлы өтеді.

Міне сол Ұлы Жеңістің жиырма бір жылдығын тойлап отырмыз. Жеңіс өздігінен келген жоқ. Бақайшағына дейін қаруланған неміс басқыншыларына қарсы шайқаста көптеген құрбандықтар беруге тура келді. Сан мыңдаған советтік семьялар аяулыларынан айрылды. Жетім балалар мен жесір аналардың көкірегін ашы қайғы көрнеді. Уақытша жау басып алған қалалар мен селолардың тұрғындары фашистердің озбырлығынан азап шекті.

Бірақ та фашистік қанішерлердің айуандық әрекеттері халқымыздың әділеттік үшін күресте қайрат-жігерін мұқалта алмады. Коммунистік пар-

ЕСТЕ САҚТАЛАДЫ

тияның төңірегіне берік топтасқан көп ұлтты совет халқы жауды талқандау үшін қолдан келгеннің барлығын да істеді. Қазақ халқының патриот ұлдары мен қыздары да ұлы жеңіске жету жолындағы күреске өз үлестерін қоса білді.

«Ер басына күн туса, етігімен су кешер, ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер» дегендейін, өлім мен өмір белдескен сұрапыл соғыстың зардаптарын отандастарымыз, оның ішінде майданның алғы шебінде жаумен жалғасқан әрбір жауынгер ешқашан ұмытпақ емес.

1943 жылдың қоңыр күзі болатын. Соққыдан соққы көріп, қансыраған фашистерді советтік әскери бөлімдер өкшелей қуып келе жатқан еді. Ер азаматтардың қанына боялғандай алаулаған алтын күн бірте-бірте көк жиектеп асып жоқ болды. Фашист басқыншыларының зұлымдығына куә болған қарт Днепрдің көбік шашқан толқындары жағаға ұруда. Қас қарая жел толастады. Алайда жарылған

снаряд дүмпуі, тынымсыз ызыңдаған оқ дауысы ежелгі өзеннің тынысын тарылтып, мазасын кетіргендей. Өзеннің жау бекінген оң жағалауынан әлсін-әлсін атылған ракета сәулесімен оның беті кенет жарқырап көрінеді де, қайта қою қараңғылық құшағына енеді. Ал, ұлдарым, мен бөгет болмайын, өтіндер, ұмтылыңдар алға, жаудан кек алыңдар дегендей үнсіз, жай ағады қарт Днепр.

Біздің полктың атқыштары өзеннен өту өзірлігінде. Оң жағымызда қалың тоғай, сол жағымызда фашистер өртеп кеткен Любечи селосының шатырлы үйлері сытыр-сытыр жанып жатыр. Құрастырылған тақтайшаны қайық, сапер күрегін ескек етіп суға түспекпіз.

Біздің артиллерия жаудың бекінісін атқылай бастаған кезде өзенге түстік. Ортада станокты пулемет, Сергей екеуіміз құрастырылған тақтайдың екі жақ шетіне тізерлей отырдық та, кішкене күрекшемізбен суды сылдыратпай өсіп, ілгері жылжыдық. Жағадан

15—20 метрден қашықтаған кезде немістердің ракеталауы бірінен-соң бірі аспанға көтерілді. Су бетіндегілер алақаннның аясындағыдай айқын көрінді. Сол-ақ екен өрсілі-қарсылы оқ зуылдап, айналамызға снарядтар түсе бастады. Жақын жарылған снарядтардың дүмпуінен пайда болған өктем толқын астымыздағы жадағай тақтайшаны аударып кетерліктей. Күрекшемізді құлаштай сермеп, жанталаса алға ұмтылды. Біреулер аударылып, біреулер оққа ұшып суға батып жатыр.

Совет жауынгерлерінің соққысына төтеп бере алмаған гитлершілдер құтырылған қасқырдай өршелене түскен. Жаудың жанталасқан қарсылығына қарамастан қиян кескі арпаппен сол 23 сентябрьдің түнінде жау бекінген жағаға шықтық. Құрғаққа өкшеміз тиісімен біз де пулеметтің оқ шашқан стволын жауға бұрып, ұрысқа араластық. Немістер таң ата жүрмелете үш дүркін біздің атқыштарға шабуыл жасады. Күші басым жау автоматтарын кезеніп, қазқатар сап түзеп келе жатты. Алпыс-жетпіс метрді жақындаған кезде біз фашистерге пулеметтен бората оқ жаудырдық. Оң және сол жақ қанатымыздағы полктастарымыз да өршеленген жауға өлтіре соққы берді. Сөйтіп жаудың алғашқы әрекеті сәтсіздікке ұшырады.

Шабуылға шыққан неміс солдаттары мен офицерлерінің үштен бірі ғана қашып құтылды. Жер жастанған жау сол-

даттарының өлекселері ашық далада қала берді. Бұдан кейінгі шабуылдарда неміс фашистері тұмсыққа ұрылған жыртықшай қансырап, өлім құшағына енді. Полк атқыштарының шағын тобы жаумен үш күн бойы айқасты. Келесі күнгі шабуылдардың бірінде серігім Сережа жау оғынан қаза тапты. Үшінші күнге қараған түні біздің басқа да әскери бөлімдер Днепрден өтті. Біз майдандастарымыздың өзеннен аман өтуіне өз әлімізше көмектестік.

Төртінші күн дегенде шабуылға шығу біздің үлесіміз тиді. Ұшқыштарымыз аспаннан тастаған бомбалар мен артиллеристеріміздің дөлдеп түсірген снарядтардан жау бекінісінің күл-талқаны шықты. Қаншама солдаттарын құрбан етіп, соғыс техникаларын барынша қарсы қойған жау дүркірей кейін қашуға мәжбүр болды. Жан беру оңай емес қой. Фашистік басқыншылар шегіне отырып қарсылық көрсетті. Біздің атқыштар ротасынан аз ғана адам тірі қалғанын мен осы шабуыл кезінде ғана білдім. Днепрден өткеннен кейін жауды өкшелей қуып келе жатқан кезде ауыр жараландым...

Днепрден бірінші өткендердің ішінде маған да Совет Одағының Батыры атағы берілгенін госпитальда емделіп жатқанда естідім. Отанның тәуелсіздігі мен намысы үшін жаумен жағаласта өткен сын сағаттар, ажалмен айқасқан сұрапыл ұрыстар ешқашан ұмытылмайды.

М. МАМПАЕВ,
Совет Одағының Батыры.